

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекет; "Түстер әлемі"

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/132248/

Түстер әлемі.

Шымкент қаласы

МКҚК №3 «Динара» бөбекжай бақшасы.

«Балапан» кіші тобының тәрбиешісі

Сүлеймен Жанат Есенбекқызы

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекет:»Түстер әлемі»

Мақсаты:Балалардың коммуникативтік-ақпараттық құзіреттілігін молайтып,балалардың ой-түйсігін,қиялын дамыту.Балалардың танымдық қабілеттерін ,зейінін ,сенсорлық ойлау қабілеттерін дамыту.Балаларға негізгі төрт түстерді топтастыруға білуге үйрету, қызыл,сары,көк,жасыл.

Күтілетін нәтиже;Заттардың көлемін,түсін және пішінін біледі.Көлемі,пішіні,түстері бойынша біртекті заттарды топтастыра алады.

Әдіс-тәсіл; Ойындар, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Көрнекіліктер: түрлі-түсті шарлар,геометриялық пішіндер,марблс тастары.

Қызмет кезеңдері

Педагогтың басқару іс-қимылдары

Балалар іс-әрекеті.

<p>1-кезең уәждік-түрткі болу.</p>	<p>Шаттық шеңбері: Біз әдепті баламыз Айтқан тілді аламыз Алғаш келген қонақпен Амандасып аламыз. Балалар бүгінгі біздің ұйымдастырылған ойын іс- әрекетіміздің тақырыбы: Түстер әлемі деп аталады. Балалардың іс-әрекетке кірісуіне түрткі болу; -Балалар біз қандай түстерді білеміз? Ғажайып сәт: Еркетай қыз қонаққа келеді. Мен ғажайып түстер әлемінің еркесімін. Менің атым Еркетай. Мен сендермен ойындар ойнауға келдім. Мен сендер доптар ала келдім.</p>	<p>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, сәлемдеседі.</p> <p>-Қызыл,сары,жасыл,көк.</p> <p>Балалар қонақпен амандасады.</p> <p>Қуана келіседі.</p>
--	--	--

<p>2-кезең проблемалық-ізденіс</p>	<p>Балаларды проблеманы шешуге бағдарлау: 1-ойын Шарлар топтастыр. Ойын ережесі; Түстеріне байланысты доптарды өзінің құрсауына орналастыру. -Жарайсыңдар ,балалар!. Балалар менің сендермен тағы да ойындар ойнағым келіп тұр. -Олай болса Еркетай балалармен бірге шығармашылық орталығына барып ойындар ойнайық. 2-ойын : «Топтық жұмыстар» 1-топ: «Қақпақтармен жұмыс» 2-топ : Марблс тастарымен жұмыс. 3-топ: «Қысқырғышпен» жұмыс. 4-топ: «Фетрмен» жұмыс -Жарайсыңдар балалар!. Сендер кішкентай болсандарда ақылды балалар екенсіңдер.Сендердің іс-әрекеттерін маған ұнады. Сергіту сәті: «Көңілді күн» әуенімен. Еркетай біздің балалар түстерді ғана білмейді, олар пішіндерді де ажырата алады. Еркетай ендігі ойынымыз : «Пішіндерді орналастыр» деп аталады. -Өте керемет. -Жарайсыңдар балалар!. Менің енді түстер әлеміне қайтатын уақытым болды,сендерге көп рахмет. Мен сендермен ойын ойнау арқылы көп нәрсені білдім. Түстерді ажырата білдім және пішіндермен таныстым. -Рахмет сендерге Қош сау болыңдар!.</p>	<p>Балалар доптарды өз түстеріне қарай орналастырады.</p> <p>1.Балалар көбелектің үстіне қақпақтарды түстеріне қарай орналастырады. 2.Жыл мезгілдеріне сай марблс тастарын қойып шығады. 3.Түрлі-түсті пішіндерді қыстырғыштың көмегімен қыстырып шығады. 4. Гүлдердің түсіне қарай көбелектерді орналастырады.</p> <p>Балалар музыка әуенімен сергіту сәтін жасайды.</p> <p>Балалар геометриялық пішіндерді өз орындарына орналастырып шығады.</p>
<p>3-кезең рефлекті – түзетімдеуші</p>	<p>Балалар іс-әрекетінің нәтижелерін талдау: Қане балалар бүгін біз ойындар ойнау арқылы не үйрендік,не білдік? Бізге қонаққа кім келді? Сендерге бүгінгі ойындар ұнады ма? -Жарайсыңдар балалар!.</p>	<p>Түстер мен пішіндерді ажырата білдік. Бізге қонаққа түстер әлемінен Еркетай қонаққа келді. -Иә бізге ойындар ұнады.</p>

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.